

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

№11 «Жұлдыз» ересек тобының
9 Мамыр жеңіс күніне орай ертеңгілігі
«Елімнің батырлары»



Тәрбиеші: Абдыкова А.Т
Нургалиева А.К

2025 ж

Тақырыбы: «Елімнің батырлары»

Мақсаты: Балаларды адамгершілікке, Отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, оларға патриоттық тәрбие бере отырып, өз елінің ардагерлеріне деген құрмет білдіре біліп, жерін қастерлейтін саналы да парасатты елжанды-ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеу.

Жүргізуші: Бүгін 9- мамыр Жеңіс күніне орай еліміздегі Отан соғысының ардагерлер мерекесі құтты болсын. Біздің бейбіт өмір сүруіміз үшін жанын қиған, ерлікпен қаза тапқан ата-әжелеріміздің есімін ешуақытта ұмытпауымыз керек. Күндіз күлкі, түнде ұйқымыз тыныш болсын деген тілекпен бүгінгі тақырыптық сағатымызды бастайық.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

Жүргізуші:

Отан-сенің ата-анаң,
Отан-досың бауырың.
Отан-өлкен Астанаң,
Отан-аудан, ауылың.-дей отырып Қазақстан рәміздерінің ерекшеліктерін айтып берейік.
(жылжымалы папкалар)

Аяла:

Біз-Отанның бақытты баласымыз,
Арманы мен ақыл ой санасымыз.
Біз-Отанның бақытты баласымыз,
Аялаған орман, тау даласымыз.

Медина.

Біз балдырған тең басқан,
Дос құшағын елге ашқан.
Тілегіміз биітшілік,
Ашық болсын кең аспан..

Хор: «Балабақшам»

Би: «Ақкөгершін»

Жүргізуші:

Жеңіс келді, артта қалды зар, қайғы.
Адам асыл арманды алға жолдайды.
Бейбіт күнін аталардың әкелген,
Бүгін міне, ұрпақтары жолдайды-дей келе,

Қимылды ойын: «Кішкентай сарбаздар»

Жүргізуші:

Бақыт сыйлап жатады әр күн,
Санамызға жарық берген.
Әкелері аталардың
Бұл Жеңісті алып келген.
Қуантамыз ән сап жұртты,
Келе берсін бақыт таңы.
Жеңіс күнің құтты болсын,
Батырлардың ұрпақтары –дей отырып тобымызда тұрған жылжымалы папкалардағы ардагерлер туралы әңгімелеп берейік.

Жүргізуші:

Бәйшешектер солмасын.
Еліміз бейбіт күн кешіп,
Бір Алла өзі қолдасын.
Бірлікпенен күн кешіп,
Бейбітшілік орнасын.
Ән: «Қазақстаным!»

Жүргізуші: Осымен 9-Мамыр Ұлы Жеңіс күніне арналған «Елімнің батырлары» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Заманымыз тыныш, аспанымыз ашық болсын!

